



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Қазақстан үлгісімен ІЖӨ-ні бағалау және
болжау үшін серпінді факторлық модельді
қолданудың тиімділігін бағалау және
талдау

Зерттеулер және статистика департаменті
№2019-3 Экономикалық зерттеу

Константин Орлов

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) экономикалық зерттеулері мен талдамалық жазбалары ҚРҰБ зерттеулерінің және ҚРҰБ қызметкерлерінің басқа ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін таратуға арналған. Экономикалық зерттеулер пікірталастарды ынталандыру үшін таратылады. Құжатта айтылған пікірлер автордың жеке ұстанымын білдіреді және ҚРҰБ ресми ұстаныммен сәйкес.

Қазақстан үлгісімен ІЖӨ-ні бағалау және болжау үшін серпінді факторлық модельді қолданудың тиімділігін бағалау және талдау

NBRK – WP –2019-3

**Қазақстан үлгісімен ІЖӨ-ні бағалау және болжау үшін серпінді
факторлық модельді қолданудың тиімділігін бағалау және талдау**
Константин Орлов¹

Аннотация

Әлемдік орталық банктердің, сондай-ақ әртүрлі халықаралық ұйымдардың негізгі көрсеткіштердің ағымдағы және болашақтағы серпіні туралы дәл және жедел ақпарат алуы үшін серпінді факторлық модельдердің құралдары белсенді дамыды және қолданылды. Осы еңбекте Қазақстанның ІЖӨ-ні ағымдағы және болашақтағы тоқсандар үшін болжау тиімділігін бағалау жүргізілді, осы модельдерді қолданудың орындылығы дәлелденді, сондай-ақ ІЖӨ-нің серпінін факторлық орналасуы алынды. Факторлар топтарға бөлінді және нақты және сыртқы, қаржылық, ақшалай, баға блоктарының көрсеткіштері қамтылды.

Негізгі сөздер: ІЖӨ, қысқа мерзімді болжамдар, серпінді факторлық модельдер, басты құрауыштар әдісі, Кальман сүзгісі.

JEL-жіктеу: C52, C53, C55, C82, E17

¹Константин Орлов – Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Зерттеулер және статистика департаменті Макроэкономикалық болжау және мониторинг басқармасының бас маман-талдаушысы. E-mail: Konstantin.Orlov@nationalbank.kz

Мазмұны

Кіріспе	3
Әдебиетке шолу	4
Пайдаланылған деректер және әдіснама.....	6
Нәтижелерді талқылау	9
Бұдан кейінгі зерттеулерге арналған тұжырымдар және ұсынымдар.....	15
Әдебиеттің тізімі.....	17
Қосымшалар	19

1. Кіріспе

Орталық банк ақша-кредит саясаты жөніндегі шешімдерді қабылдау барысында ағымдағы экономикалық аухалды, сондай-ақ негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің қысқа мерзімді серпінін толық түсіну қажет. Бұл факт осы ақпараттың орта мерзімді перспективаға болжамдар жасау және әртүрлі балама сценарийлерді қарау үшін бастапқы негіз болатынымен негізделген. Бұл ретте экономикалық ахуалды бағалаудың маңызды көрсеткіштерінің бірі ІЖӨ болып табылады. Алайда, сол инфляциядан айырмашылығы ІЖӨ жөніндегі бірінші ақпарат Қазақстанда біршама кешіктіріп жарияланады (есепті тоқсаннан кейін шамамен 1,5 айдан кейін), бұл осы көрсеткішті талдау және болжау процесін айтарлықтай қиындатады. Сонымен қатар, қосымша күрделілік ІЖӨ-ні жариялаудың тоқсандық кезеңділігі болып табылады, ал көптеген түсіндіретін және өзара байланысты айнымалылар бойынша ақпарат ай сайын жаңартылады. Осыған байланысты, орталық банктердің қысқа мерзімді болжаумен айналысатын мамандары алдында ІЖӨ бағалаудың болжамды жүзеге асыру сәтінде қолжетімді пайдалы ақпараттың толық көлемі ескерілетін тәсілдерді құру және жетілдіру бойынша міндет тұр.

Инфляциялық таргеттеу режимінде ақша-кредит саясатын жүргізу шеңберінде осы бағыттағы жұмыс Ұлттық Банкте жүйелі негізде жүргізіледі. Мәселен, К. Мекенбаеваның, А. Жүзбаевтың (2017) еңбегінде ІЖӨ-ні қысқа мерзімді жүзеге асырудың негізгі әдістері келтірілді, олар осы кезде Ұлттық банкте пайдаланылады. Оларға көпше регрессия (OLS) модельдері, авторегрессиялық модельдер (ARIMA), Байес авторегрессиялық модельдері (BVAR), сондай-ақ деректердің аралас жиіліктері бар модельдер (MIDAS) жатады. Қорытындысында осы модельдер болжамдарының дәлдігі негізінде тестілік іріктеуде аралас болжам алу үшін осы модельдердің болжамдарын саралаудың схемасы құрылады. Ұқсас тәсіл қысқа мерзімді экономикалық индикаторды² бағалау үшін А. Жүзбаевтың (2017) еңбегінде де қолданылды, онда көпше регрессия модельдері, авторегрессиялық модельдер, Байес авторегрессиялық модельдері және деректердің аралас жиіліктері бар модельдер пайдаланылды.

Жоғарыда аталған жұмыстардың табиғи жалғасы орталық банктердің практикасында кеңінен тараған және өзін өзі көрсеткен серпінді факторлық модельдерді қолдану болып табылады. Қандай да бір көрсеткішті бағалау үшін олардың негізінде көптеген түрлі жиіліктегі қол жетімді деректердің ішінен болашақта болжанатын көрсеткіштің өзгеруін түсіндіре алатын және статистикалық деректерді кеңінен қамту мен теңдеулердегі шектен тыс айнымалылардың арасындағы таңдаумен байланысты қиындықты еңсере алатын аздаған жалпы факторларды шегеру жатыр. Сонымен бірге факторлық

² Қысқа мерзімді экономикалық индикатор (КЭИ) – Қазақстан экономикасының негізгі салалары: өнеркәсіптегі, құрылыстағы, ауыл шарушылығындағы, саудадағы, көлік пен байланыстағы шығарудың нақты көлемінің өзгеруі сипатталатын ай сайынғы көрсеткіш.

модельдер бірізгілде «қиылған қыр»³ проблемасын да шешуге және бағалау кезіндегі барлық қолжетімді пайдалы статистикалық ақпаратты, оның ішінде түрлі жиілікпен жариялай отырып есепке алуға да мүмкіндік береді.

Алғаш рет Қазақстан үшін факторлық тәсілді Мекенбайева К., Musil К. (2017) сәтті сынақтан өткізіп, пайдаланды. Бұл жұмыста факторлар Ұлттық Банк тоқсан сайын жүргізетін нақты сектор кәсіпорындары пікіртерімінің негізінде құрылған және ағымдағы тоқсандағы шығарылым айырмасын айқындауға арналған айнымалыларды түсіндіріп берді.

Сонымен бірге осы зерттеудің мақсаты серпінді факторлық модельді Қазақстанның ІЖӨ-нің қысқа мерзімді серпінін болжау үшін жай-күй кеңістігі нысанында құру болды, ол үшін факторлар нақты макроэкономикалық көрсеткіштерден алынған болар еді.

Соның нәтижесінде болжамдар деректерін құру әдіснамасы әзірленді, онда факторлар ретінде нақты және сыртқы, ақша, қаржылық және баға блоктарының ортақ көрсеткіштері алынды. Олардың ағымдағы және болашақтағы тоқсандар үшін дәлдігіне бағалау жүргізілді, осы модельдерді қолданудың орындылығы дәлелденді, сондай-ақ ІЖӨ серпінінің факторлық негізі алынды.

Жұмыс бірнеше бөліктен тұрады. Бірінші бөлімде серпінді факторлық модельдерді бағалаудың түрлі қырларын сипаттайтын әдебиетке шолу берілген, екінші бөлімде пайдаланылатын деректердің сипаты және Қазақстан ІЖӨ үшін осы болжамдарды жүзеге асыру әдіснамасы жазылған, үшінші бөлімде бағалаудың негізгі нәтижелері келтіріліп, ІЖӨ-нің факторлық құрамы алынған. Ең соңғы, төртінші бөлімде болашақтағы зерттеулер үшін қорытындылар мен ұсынымдар берілген.

2. Әдебиетке шолу

Кез келген факторлық модель N қадағаланатын қалыптандырылған x^i айнымалылары мен r ($r < N$) қадағаланбайтын факторлық f^k айнымалылары арасындағы байланысты білдіреді.

$$x_t^i = \sum_{k=1}^r \lambda_k^i * f_t^k + \varepsilon_t^i = \chi_t^i + \varepsilon_t^i, \quad (1)$$

мұндағы $i = \overline{1, N}$, $k = \overline{1, r}$, $t = \overline{1, T}$,

$\lambda_k^i - f^k$ факторының x^i айнымалысына факторлық жүктемесі,

χ^i – ортақ құрауыш,

ε^i – ерекше құрауыштар орташа мәні нөл болып табылатын кездейсоқ шамалар.

Бұл ретте факторлардың орташа мәні нөл болады деп, олар өзара және ерекше құрауыштар арқылы байланысты емес және ерекше құрауыштар да өзара байланысты емес деп болжанады.

Матрицалық нысанда бұл теңдеулерді мынадай түрде жазуға болады

$$X_t = \Lambda F_t + E_t, \quad (2)$$

мұндағы $X_t = (x_t^1, \dots, x_t^N)'$ и $E_t = (\varepsilon_t^1, \dots, \varepsilon_t^N)'$ – N өлшемінiң векторлары,

$F_t = (f_t^1, \dots, f_t^r)'$ – r өлшемінiң векторы,

³ Бұл проблема болжам жасау практикасында жиі кездеседі, ондайда кейбір статистикалық деректер бойынша ақпарат бағалау кезінде болмайды.

$\Lambda - N \times r$ өлшемінің факторлық жүктемелерінің матрицасы.

Мұндай байланыстағы факторлық модельдер статикалық деп аталады. Бұл ретте егер факторлар автоматты түрде байланысты болады деп болжанса, VAR(p)-тендеу түріндегі факторлар арасында қосымша тәуелділік болады

$$\begin{aligned} X_t &= \Lambda F_t + E_t \\ F_t &= \sum_{l=1}^p A^l F_{t-l} + Z_t, \end{aligned} \quad (3)$$

мұндағы $A^l - r \times r$ өлшемінің l лагы кезіндегі коэффициенттер матрицасы, $Z_t - r$ өлшемі бір сарынды шуының векторы.

Мұндай факторлық модельдерді серпінді деп атайды.

Сонымен бірге серпінді модельдерді қадағаланатын айнымалылардың факторларға бірізгі тәуелді болуымен ғана емес, олардың лагпен алынған мәндеріне де тәуелді болуымен де қарастыруға болады:

$$\begin{aligned} X_t &= \sum_{u=0}^s \Lambda^u F_{t-u} + E_t \\ F_t &= \sum_{l=1}^p A^l F_{t-l} + Z_t, \end{aligned} \quad (4)$$

мұндағы $\Lambda^u - u$ лагы мен $N \times r$ өлшемі жағдайындағы факторлық жүктемелердің матрицасы.

Ерекше құрауыштар арасындағы байланыстың болмауына қойылған қатаң талаптарды жеңілдетсек, факторлық модель дәлме-дәл модельден жақындаған модельге айналады. Ондайда қадағаланатын айнымалылардың ковариациялық матрицасын ерекше құрауыштардың ковариациялық матрицасы арқылы түсіндіру мүмкін болмаған жағдайда, жақындастырылған факторлық модельдер практикада табысты қолданылуы мүмкін (Forni, Lippi, 1997; Forni, Hallin, Lippi, Reichlin, 2000; Stock, Watson, 2002).

Факторларды бағалау әдістеріне тікелей өте отырып, барлық факторлық (статистикалық және серпінді) модельді үш буынға (Stock, Watson, 2010) жатқызуға болады.

Бірінші буынның модельдерін әзірлеу кезінде жай-күй кеңістігінің нысаны түрінде жазылды және факторлар мәні Кальман стандартты сүзгісінің көмегімен бағаланды (Engle, Watson, 1981; Stock, Watson, 1989). Соңғы уақытта бұл модельдер мағынасы бойынша айлық немесе тіпті апталық ІЖӨ серпінімен сәйкес келетін, экономикалық тұрғыдан белсенді, түрлі қорытынды индикаторларды салуда қолданылады (Mariano, Murasawa, 2003; Arouba, Diebold, Scotti, 2009; Camacho, Perez-Quiros, 2010, 2011).

Кальман сүзгісінің рәсімі «қиылған қырлар» проблемасын шешуге мүмкіндік берді, алайда сүзгішті іске қосуға қажетті өлшемдерді бағалау үшін ең көп шындыққа ұқсас желілік емес әдіс қолданылды, бұл бақыланатын айнымалылықтың санына айтарлықтай шектеу қойды және статистикалық деректердің кең жиынтығын пайдалануға мүмкіндік берген жоқ.

Соңғы шектеуді жеңіп шығу үшін факторлық модельдердің екінші буынында факторларды бағалау үшін бақыланатын айнымалылықтың орташалау тәсілі пайдаланылды, атап айтқанда негізгі құрауыштарды бөлудің алгебралық тәсілін пайдаланды. Бірінші рет бұл әдіс сипатталып, жұмысқа

қолданылды (Stack, Watson, 2002), мұнда факторларды бөлудің статистикалық моделі жасалды. Негізгі құрауыш қағидатына негізделген серпінді факторлық моделді Forni, Hallin, Lippi, Reichlin (2003) ұсынды. Негізгі құрауыш қағидатына негізделген факторларды бағалау айнымалылықтың көп саны және ұзын уақытша кеңістік кезінде өзінің шынайы мәніне ие болуға тырысты, алайда «қиылған қырлар» проблемасын шешкен жоқ.

Факторлық модельдердің үшінші буын бірінші екі буынның факторлық модельдерінде туындайтын мынадай қиындықты жеңе білді: барлық статистикалық базаны есепке алу және іріктеу соңындағы жіберілген деректер проблемасы. Бұл модельдер екі қадамнан тұратын алгоритмге негізделген (Giannone, Reichlin, Small, 2008; Doz, Giannone, Reichlin, 2011). Бірінші қадамда екінші буындағы модельдер сияқты негізгі құрауыш әдісінің көмегімен алынған факторларды бірінші бағалау пайдаланылды. Екінші қадамда, бірінші буындағы осындай модельдерде факторларды жиынтық бағалау Кальман фильтрі арқылы жүзеге асырылды, бірақ жай-күй кеңістіктіңіндегі теңдеулердің өлшемдерін бағалау бірінші қадамнан алынды.

Соңғы тәсілді қазіргі уақытта жетекші әлемдік орталық банктер (мысалы, АҚШ ФРҚ және ЕОБ - Giannone, Reichlin, Small, 2008) кеңінен пайдаланады. Сонымен қатар ол ЕАЭО орталық банктерінде – Ресейде және Беларусияда берілген. Ресей банкі ІЖӨ болжамы үшін нақты сектордың, бірлескен сыртқы және қаржы блоктарының көрсеткіштерін, сондай-ақ басым индикаторларды (Поршаков, Дерюгина, Пономаренко, Синяков, 2015; Ачкасов, 2016) пайдаланады. Өз кезегінде, Беларусияның Ұлттық банкі нақты, сыртқы, қаржы секторларының, баға блогының және еңбек нарығы блогының көрсеткіштерін және халықтың өмір деңгейін көрсетеді (Безбородова, Новопольцев, Профатилов, 2017).

3. Пайдаланылатын деректер және әдіснама

3.1 Деректердің сипаттамасы

Тоқсандықтан басқа өндіріс тәсілімен жылдық көрсеткіштегі Қазақстанның ІЖӨ өсуі, осы жұмыста 39 айлық түсіндіретін айнымалылық пайдаланылды, олар мынадай блоктарға бөлінді: нақты және сыртқы, қаржылық, ақша, баға (1-қосымша, 1-кесте). Барлық айлық айнымалылық 2015 жылғы қаңтардан бастап 2018 жылғы қазан⁴, ІЖӨ жылдық өсу – 2005 жылғы 1-тоқсан - 2018 жылғы 3-тоқсан аралығы бойынша алынды. Жұмыстарға қарағанда (Поршаков, Дерюгина, Пономаренко, Синяков, 2015; Ачкасов, 2016; Безбородова, Новопольцев, Профатилов, 2017) маусымдылық әсерін алып тастау үшін бұл айнымалылықтар өткен кезеңдегі маусымдық-тегістеудің өсу қарқынымен емес, ал өткен жылғы тиісті кезеңдегі өсу қарқынымен алынды. Бұл таңдау мыналарға байланысты болды, мұнда ІЖӨ тоқсандық өсуін стандартты әдістермен (X-12, TRAMO-SEATS) маусымдық тазалау Қазақстан экономикасында бизнес-циклдардың тарихын аяғына дейін көрсеткен жоқ және

⁴ Кейбір айлық деректер жарияланымдардың кешігуіне байланысты 2018 жылғы қыркүйекке дейін алынды

маусымдық фактордың өзі тарихи кезең бойы тұрақты емес болды (2-қосымша, 1-4-сурет). Сонымен қатар ІЖӨ маусымдылығындағы ықтимал құрылымдық жылжулардың дұрыс есебі, сондай-ақ барлық айлық түсіндіретін айнымалылық көп уақыт алатын еді және осы жұмыстың негізгі мақсаты болған жоқ.

Қосымша төменде сипатталған алгоритмді іске қосу үшін айлық түсіндірме айнымалылардың жылдық өсу қарқыны стандартталды⁵.

3.2 Модельді құру әдіснамасы

Бұл жұмыста айнымалылардың әр тобы үшін факторларды бағалау үшін мынадай еңбекте (Doz, Giannone, Reichlin, 2011) ұсынылған және эконометристік-практик өз еңбегінде (Solberger, Spanberg, 2017) ұсынған, Eviews әмбебап бағдарламалық кодтың көмегімен іске асырылған үшінші буынның серпінді моделінің алгоритмі пайдаланылды.

Бұл ретте VAR-модельдегі N қадағаланатын айнымалылар, r бағаланатын факторлар және r лагтар берілген саны кезінде факторлар үшін (3) теңдеулер жүйесі кеңістік жағдайындағы теңдеулер жүйесі түрінде қайта жазылды:

$$\begin{aligned} X_t &= \bar{\Lambda} \bar{F}_t + E_t \\ \bar{F}_t &= \bar{\Lambda} \bar{F}_{t-1} + \bar{Z}_t, \end{aligned} \quad (4)$$

мұнда $\bar{\Lambda}$ – $N \times rp$ өлшемінің факторлық жүктемелерінің «толықтырылған» матрицасы,

\bar{F}_t – rp өлшемінің «толықтырылған» факторлар векторы;

E_t – N , өлшемнің ерекше құрауыштарының векторы;

$\bar{\Lambda}$ – $rp \times rp$ өлшемі коэффициенттерінің "толықтырылған" матрицасы

\bar{Z}_t – rp өлшемінің бір сарынды шудың «толықтырылған» векторы.

«Толықтыру» терминін (4) теңдеулер жүйесінде түсіндіру үшін $N = 20$, $r = 2$ и $p = 2$ кезіндегі теңдеулер жүйесінің жеке жағдайларын қарастырайық.

Бұл жағдайда (3) теңдеулер жүйесі мынадай түрде қайта жазылады:

$$\begin{aligned} \begin{pmatrix} x_t^1 \\ x_t^2 \\ \vdots \\ x_t^{20} \end{pmatrix} &= \begin{pmatrix} \lambda_1^1 & \lambda_2^1 & 0 & 0 \\ \lambda_1^2 & \lambda_2^2 & 0 & 0 \\ \vdots & \vdots & \vdots & \vdots \\ \lambda_1^{20} & \lambda_2^{20} & 0 & 0 \end{pmatrix} \begin{pmatrix} f_t^1 \\ f_t^2 \\ f_{t-1}^1 \\ f_{t-1}^2 \end{pmatrix} + \begin{pmatrix} \varepsilon_t^1 \\ \varepsilon_t^2 \\ \vdots \\ \varepsilon_t^{20} \end{pmatrix} \\ \begin{pmatrix} f_t^1 \\ f_t^2 \\ f_{t-1}^1 \\ f_{t-1}^2 \end{pmatrix} &= \begin{pmatrix} a_{1,1}^1 & a_{1,2}^1 & a_{1,1}^2 & a_{1,2}^2 \\ a_{2,1}^1 & a_{2,2}^1 & a_{2,1}^2 & a_{2,2}^2 \\ 1 & 0 & 0 & 0 \\ 0 & 1 & 0 & 0 \end{pmatrix} \begin{pmatrix} f_{t-1}^1 \\ f_{t-1}^2 \\ f_{t-2}^1 \\ f_{t-2}^2 \end{pmatrix} + \begin{pmatrix} z_t^1 \\ z_t^2 \\ 0 \\ 0 \end{pmatrix} \end{aligned} \quad (5),$$

мұнда $X_t = (x_t^1, x_t^2, \dots, x_t^{20})'$ – қадағаланатын айнымалылар векторы;

$E_t = (\varepsilon_t^1, \varepsilon_t^2, \dots, \varepsilon_t^{20})'$ – ерекше құрауыштар векторы;

$\bar{F}_t = (f_t^1, f_t^2, f_{t-1}^1, f_{t-1}^2)'$ – факторлардың «толықтырылған» векторы;

⁵ Бірқатар деректерді стандарттау – қатардың бастапқы орташа мәнінен шегеру және қатардың стандартты ауытқуына кейіннен бөлу арқылы деректердің жана қатарын алу

$(f_t^1, f_t^2)' = F_t - (3)$ - дан факторлардың векторы;
 $[\lambda_t^k] - (3)$, $k \in \{1, \dots, 20\}, l \in \{1, 2\}$; $[a_{m,n}^1]$ -дан факторлық жүктемелердің матрицасы және $[a_{m,n}^2] - (3)$, $m \in \{1, 2\}, n \in \{1, 2\}$ – дан A^1 және A^2 матрицалары;

$\bar{Z}_t = (z_t^1, z_t^2, 0, 0)'$ – бір сарынды шудың «толықтырылған» векторы, $(z_t^1, z_t^2)' = Z_t - (3)$ -дан бір сарынды шудың векторы.

Кальманның сүзгісін (4) теңдеулер жүйесінде және факторларды қорытынды бағалауда пайдалану үшін өз кезегінде \bar{A} және \bar{A} матрицаларын және E_t және \bar{Z}_t векторлары үшін ковариациялық матрицаларды бағалау қажет. \bar{A} және E_t үшін өлшемдерді, сол сияқты факторлардың бастапқы мәндерін бағалау бас құрауыштар әдісінен алынды. (3)-тен VAR-моделі үшін ең аз квадраттардың стандартты әдісінің көмегімен факторлардың бастапқы мәндері негізінде \bar{A} және \bar{Z}_t үшін өлшемдер бағаланды.

(4) теңдеулер жүйесін бағалау үшін тоқсандық деректерге көшу үшін факторлардың айлық мәндері орташаланады. Бұдан әрі ең аз квадраттардың стандартты әдісінің көмегімен бағаланатын факторлар мен ІЖӨ-нің жылдық өсу қарқыны арасындағы байланыс теңдеуі жасалды:

$$(GDP_t - 100) = \beta_0 * (GDP_{t-1} - 100) + C + \beta_r * f_{t-i_r}^r + \beta_m * f_{t-i_m}^m + \beta_f * f_{t-i_f}^f + \beta_p * f_{t-i_p}^p + \epsilon_t \quad (6),$$

мұнда GDP_t – ІЖӨ-нің жылдық өсу қарқыны, $f_{t-i_j}^j - j$ айнымалылар тобына арналып есептелген және $i_j, i_j \in \{0, 1, 2, 3\}$ лагымен алынған фактор, r индекс нақты сектордың көрсеткіштеріне, индекс f – қаржы секторының көрсеткіштеріне, индекс m – ақша блогының көрсеткіштеріне, индекс p – баға блогының көрсеткіштеріне⁶ сәйкес келеді.

Соңында, ІЖӨ болжамы үшін оңтайлы модельді алудың жалпы схемасы мынадай болады:

- факторларды түсіндірудің бір бөлігі негізінде айнымалылардың әр тобынан олардың жиынтық дисперсиясынан (1-кесте) бастапқы (5-тен артық емес) бұдан әрі пайдалану үшін пайдалы факторлар саны іріктелді (кестеден көрінгендей нақты және сыртқы секторлар үшін барлық 5 фактор, қаржы және ақша блоктары үшін 3 факторлармен шектелуге болады, баға блогы үшін – 2 фактормен шектелу жеткілікті, өйткені олар жиынтық дисперсияның 80%-нан астамын түсіндіреді);
- факторлардың ұсынылып отырған саны кезінде айнымалылардың әрбір тобы үшін оларды бағалау жүргізілді;
- факторлардың әрбір жиыны (әр топтан бір-бірден) және оларға тиісті лагтардың жиыны үшін теңдеуге бағалау жүргізілді (6);

⁶ Нақты сектор айнымалыларының тобы үшін лаг тиісті фактор кезінде осы сектор айнымалыларының соңғы серпінін есепке алу қажеттілігі себепті нөл болып берілді

- қарапайым модельдің⁷ дәлдігінен асып түсетін тестілеу кезеңдегі болжамның дәлдігі негізінде (ол жөнінде толығырақ келесі тарауда) теңдеудегі факторлар жиыны мен олардың лагтарын іріктеу жүргізілді (6)⁸;
- алдыңғы тармақта таңдап алынған факторлар мен лагтардың жиынында Акаике мен Шварцтың ақпараттық өлшемшарттары бойынша ұтымды болған, тестілеу іріктемеде ең жоғары дәлдік көрсеткен, маңызды коэффициенттері бар жиындар және оларға тиісті теңдеулер қосымша қарастырылды;
- іріктеп алынған әрбір теңдеу үшін өткен тармақта ұсынылған өлшемшарттар бөлігінде теңдеуді жақсарту үшін теңдеулер жүйесіне арналған (4) ұтымды баға берілген факторлар саны таңдап алынды;
- бірнеше теңдеулер арасында таңдап алу жағдайында сол бір немесе өзге фактордың ІЖӨ-нің серпініне тарихи үлесіне берілген сараптамалық бағалауға, теңдеудегі факторлар лагтарын сараптамалық тұрғыдан қабылдауға сүйене отырып (6), ІЖӨ-нің болжамы үшін түпкі теңдеу таңдап алынды.

1-кесте

Баға берілетін факторлардың санына байланысты көрсеткіштер тобының жиынтық дисперсия факторларымен түсіндіру үлесі

Көрсеткіштер тобы/ факторлар саны	Нақты және сыртқы сектор	Қаржы секторы	Ақша блогы	Баға блогы
1	34.9%	51.2%	72.0%	63.5%
2	47.4%	72.4%	82.2%	88.0%
3	57.9%	87.4%	88.8%	100%
4	64.3%	95.6%	93.8%	-
5	70.2%	99.2%	97.6%	-

Дереккөз: автордың есетеуі

4. Нәтижелерді талқылау

4.1 Байланыс теңдеулерін бағалау нәтижелері

Ұтымды теңдеуді және оны бағалайтын факторларды іздеп қарастырудың жоғарыда сипатталған сызбасының (бұдан әрі – Сызба) қорытындысы бойынша жалпы саны 13 284 теңдеу қарастырылды және Акаике мен Шварцтың ақпараттық өлшемшарттарының негізінде

⁷ Барлық болжамдық кезеңдегі қарапайым модельдің болжамы – теңдеулер өлшемшарттарын бағалау үшін қолданылатын іріктеудегі соңғы байқау (6)

⁸ Соңғы үш тармақты іске асыратын Eviews коды 3-қосымшада келтірілген

$$(GDP_t - 100) = \underset{(0,0987)}{(-0,22)} * (GDP_{t-1} - 100) + \underset{(0,000)}{6,46} + \underset{(0,000)}{2,57} * f_t^r + \underset{(0,001)}{0,90} * f_{t-1}^m - \underset{(0,000)}{1,38} * f_{t-1}^f - \underset{(0,000)}{1,28} * f_{t-3}^p \quad (7),$$

теңдеуі таңдап алынды, мұнда түсіндіруші айнымалылар ретінде айнымалылардың әрбір тобынан бірінші факторлар алынды⁹. Бұл ретте, нақты сектордың 5 факторына, қаржы секторының 3 факторына, ақша және баға белгілеу блоктарының 2 факторына баға берілді. Аталған теңдеудің кемшілігі ІЖӨ-нің лагтық мәні кезінде коэффициенттің теріс белгісі болған және тек 10%-дық деңгейде маңызды болады. Осыған байланысты, теңдеудің ІЖӨ-нің лагынсыз ерекшелігі қарастырылды, және Сызбаны қолдану нәтижесінде сол теңдеу табылды $(GDP_t - 100) = \underset{(0,000)}{5,27} + \underset{(0,000)}{2,08} * f_t^r + \underset{(0,005)}{0,75} * f_{t-1}^m - \underset{(0,000)}{1,11} * f_{t-1}^f - \underset{(0,000)}{1,15} * f_{t-3}^p \quad (8),$

мұнда да түсіндіруші айнымалылар ретінде айнымалылардың әрбір тобынан бірінші факторлар алынды және баға берілетін факторлар саны да теңдеу үшін алынған факторлармен бірдей болды (7).

4.2 Болжамның дәлдігі, ІЖӨ-нің өсім қарқынына факторлардың үлесі, айнымалыларды қайта топтастыру

Теңдеуді болжам дәлдігіне тексеру үшін (8) шартты-нақты уақытта ай сайынғы болжамдар қатары жүргізілді (2017 жылғы шілде - 2018 жылғы қыркүйек). Болжам аралығында алдымен ағымдағы тоқсан, содан кейін ағымдағы және тағы бір тоқсан, және, ақыры, ағымдағы тоқсанмен мен келесі екі тоқсан қамтылды¹⁰. Үйретілетін іріктеуде теңдеулерді бағалау жүргізілді (8), бұдан әрі болжам жүзеге асырылды, және алынған болжамдық мәндер болжамды қателерді алу үшін нақты міндермен салыстырылды. Бұл ретте басқаларға қатысты жариялауда қалып қалу болған айлық деректерде осы лаг жарияланымда үйрету іріктеуде де сақталады деп болжанады.

Болжау дәлдігін сипаттайтын шаралар ретінде стандартты шамалар – орта ауытқу маңызды болып табылатын орташа абсолюттік қателік (MAE), басқалары мен қоса қателіктер дисперсиясын ескеретін орташа квадраттық қате (RMSE), қателер ауқымын жабатын орташа абсолюттік салыстырмалы қате (MAPE) пайдаланылды. Қосымша алынған модель жалпы алғанда «жай» модельге қарағанда жақсы болжам жасайтынын анықтау үшін бұл жағдайда бірден аз болуға тиіс Тейла коэффициенті есептелді. Бұл ретте, егер осы коэффициент бірден көп немесе тең келсе, онда қарастырылып отырған модельді қолданудың мәні жоқ, өйткені модельді жасаудың қажеті жоқ.

Жоғарыда сипатталған дәлдік шараларының мәні 15 болжамдар үшін 4-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген. Бұл ретте барлық болжамдарды жекелеген 3 топқа бөлуге болады. Бірінші топта ағымдағы тоқсан белгілі

⁹ Дөңгелек жақшаларда теңдеу коэффициенттері ретінде осы жерде және одан әрі t-статистикаға сәйкес келетін p-value көрсетілген

¹⁰ Нақты деректер болмаған жағдайда, болжам аралығы қысқарды

ақпараттың 1 айымен, екінші топта – 2 аймен, үшіншіде – 3 аймен көрсетілген болжамдар қамтылады. Осы топтардың ішінде болжамдар дәлдігінің шаралар мәнін орташа алсақ, онда болжам аралығына және тоқсан ішіндегі қолжетімді ақпарат айларының санына қарай дәлдіктің жиынтық көрсеткіштері алынады (2-5-кесте).

2-кесте

Ағымдағы тоқсан туралы қолжетімді ақпараттың болжам аралығына және көлемінің дәрежесіне қарай 2017 жылғы шілде – 2018 жылғы қыркүйек кезеңіндегі серпінді факторлық модельдің RMSE орташа мәні

Болжам аралығы/қолжетімді ақпараттың көлемі	1 ай	2 ай	3 ай
1	0.16	0.2	0.14
2	0.41	0.58	0.34
3	0.51	0.78	0.39

Дереккөзі: автордың есептері

3-кесте

Ағымдағы тоқсан туралы қолжетімді ақпараттың болжам аралығына және көлемінің дәрежесіне қарай 2017 жылғы шілде – 2018 жылғы қыркүйек кезеңіндегі серпінді факторлық модельдің MAE орташа мәні

Болжам аралығы/қолжетімді ақпараттың көлемі	1 ай	2 ай	3 ай
1	0.16	0.2	0.14
2	0.31	0.49	0.28
3	0.4	0.69	0.33

Дереккөзі: автордың есептері

4-кесте

Ағымдағы тоқсан туралы қолжетімді ақпараттың болжам аралығына және көлемінің дәрежесіне қарай 2017 жылғы шілде – 2018 жылғы қыркүйек кезеңіндегі серпінді факторлық модельдің MAPE орташа мәні

Болжам аралығы/қолжетімді ақпараттың көлемі	1 месяц	2 ай	3 ай
1	0.15	0.2	0.13
2	0.3	0.47	0.27
3	0.38	0.67	0.32

Дереккөзі: автордың есептері

Ағымдағы тоқсан туралы қолжетімді ақпараттың болжам аралығына және көлемінің дәрежесіне қарай 2017 жылғы шілде – 2018 жылғы қыркүйек кезеңіндегі серпінді факторлық модельдің Тейла коэффициентінің орташа мәні

Болжам аралығы/қолжетімді ақпараттың көлемі	1 ай	2 месяца	3 месяца
1	0.4	0.31	0.29
2	0.84	1.07	0.71
3	0.59	0.89	0.46

Дереккөзі: автордың есептері

Жоғарыда келтірілген кестелерде көрсетілгендей, серпіндік факторлық модель дәлдігі бойынша қолжетімді 3 айлық ақпараты бар, сондай-ақ қолжетімді ақпараттың барлық айларына ағымдағы тоқсанға арналған болжамнан артық болады (Тейла коэффициентінің мәні 1-ден кем). Бұл факт болжам үшін серпінді факторлық модельді ағымдағы тоқсанға және 3 тоқсан үшін жасалатын болжамға қосалқы құрал ретінде пайдалану мақсаттылығын дәлелдейді. Қосымша болжамның дәлдігі жаңа қол жетімді ақпарат пайда болуына қарай ұлғаятынын атап өткен жөн, ол дәлдіктің тиісті көрсеткіштері төмендеуінде көрсетіледі (кем дегенде, ағымдағы тоқсан үшін қолжетімді ақпараттың 1 және 3 айы үшін).


Серпінді факторлық модель факторлардың болжамды мәндерін алуға мүмкіндік береді, содан кейін ағымдағы тоқсанға және 2 тоқсан¹¹ бұрын болжамды жүзеге асыру үшін теңдеуге (8) қою үшін пайдалануға болады. Сонымен, өндіріс әдісімен ІЖӨ өсуінің жылдық қарқыны 2018 жылғы 4-тоқсанда өткен жылдың тиісті тоқсанына қатысты 3,8%-ды құрады (1-сурет).

Мұның үстіне серпінді факторлық үлгінің және теңдеудің көмегімен (8) ІЖӨ факторлық бөлуді алуға болады, мұнда фактордың салымы осы фактор болған кезде тиісті коэффициентке фактордың мәнін шығару болады, инерция салымы еркін мүше, ал қателер басқа факторлар болады (1-сурет).

Ұсынылған бөлудің арқасында нақты, қаржы және ақша блоктарының факторларының әлемдік қаржылық дағдарысына дейін ІЖӨ өсуіне айтарлықтай оң үлес қосты. Әлемдік қаржылық дағдарыстан кейін және сыртқы қаржыландыру айтарлықтай төмендегеннен кейін ақша блогы көрсеткіштерінің салымы теріс болып қалуын жалғастырады. 2014-2015 жылдарында мұнай бағасының төмендеуі нақты сектордың теріс салымында көрінді, ал ҚРҰБ ақша-кредит саясатының 2015 жылдың соңында қатаңдату. Қазіргі сәтте мұнай бағасының қалыпты қалпына келтірудің, сондай-ақ мұнай өндірудің өсуі салдарынан нақты сектордың ІЖӨ-ге бейтарап ықпалы, сондай-ақ ақша, қаржы, баға блоктары тарапынан әлсіз теріс үлес байқалады.

¹¹ Болжам 2018 жылғы қарашаның соңында қолжетімді деректер бойынша жүзеге асырылды

ІЖӨ %-бен өсу қарқының серпіні, өткен жылдың тиісті тоқсанына тоқсан және оның өзгеруіне факторлар үлесі¹²



Дереккөзі: автордың есептері

Сайып келгенде, ауыспалы белгілі бір топтарды қандай да бір өзге фактор топтарына жатқызуға байланысты теңдеулерді (8) бағалау және болжам жасау нәтижелеріне салыстыру жүргіземіз. Жоғарыда аталғанындай жұмыс барысында (Безбородов, Новопольцев, Профатилов, 2017) барлық ауыспалылар 5 блокқа бөлінген: нақты сектор, қаржы секторы, баға блогы, сыртқы блогы, еңбек нарығы блогы және халықтың өмір сүру деңгейі. Себебі бұл жұмыста ауыспалы екі соңғы блок (1-қосымшада 15-22 нөмірлерімен) нақты секторға қосылды, онда факторлардың баламалы ерекше нұсқамасы шығыс ерекше нұсқамасымен салыстыру мүддесін білдіреді. 6-кестеде факторларға ауыспалы топтардың 18 бәсекелес ерекше нұсқама үшін байланыс теңдеуін бағалауды салыстыру нәтижелері келтірілген (6). Бұл ерекше нұсқамалар ауыспалылардың екі тобының барлық ықтимал комбинациялары ескерді (сыртқы сектор және еңбек нарығы және халықтың өмір сүру деңгейін), сондай-ақ ІЖӨ лагталған мәні онда бұл ауыспалылар болмауы мүмкін, дербес факторлық топты құруы мүмкін немесе нақты секторға енгізілуі мүмкін. Әрбір ерекше нұсқама үшін теңдеулерді бағалау және іріктеуді Кестеге сәйкес жүзеге асырды. Бұл ретте 6-кестеде қысқалылық үшін Акаике ақпараттық өлшемшарттың толық іріктеудегі мәні ғана, сондай-ақ ағымдағы тоқсан туралы толық айлық ақпарат болған кезде болжамның түрлі көкжиектегі болжамдары үшін 2017 жылғы шілде –

¹² Инерцияның факторлық бөлудегі жоғарғы үлесі бұл жағдайда Қазақстан экономикасының 2005 – 2018 жылдар аралығында орташа өсуін сипаттайды, факторлардың түсіндірілетін айлық көрсеткішінің мәнін нормаға келтіру бойынша бұл көрсеткіштердің орташа мәндерінен «жалпы» ауытқуын сипаттайды және сондықтан ІЖӨ өсуі өзінің орташа мәнінен ауытқуын түсіндіреді.

2018 қыркүйек аралығындағы кезеңде орташа квадраттық қателердің (RMSE) орташа мәні ғана ұсынылды. Бұрынғысынша, теңдеулер «жетілмеген» болжамдарын тестілік іріктеуде нақты болу үшін таңдалды.

6-кесте

Акаике өлшемшарттары бойынша сыртқы секторға, еңбек нарығына және халықтың өмір сүру деңгейіне жататын ауыспалылардың топтарына және түрлі көкжиектерге орташа квадраттық қателерге (RMSE) байланысты түрлі моделдерді салыстыру

№	Моделдің коды ¹³	RMSE 1-тоқсан	RMSE 2-тоқсан	RMSE 3-тоқсан	Акаике өлшемшарты	Ескерту
1	LS, ES, GDP	0.2	0.35	0.38	3.41	GDP<0 белгі
2	LS, ES, no GDP	0.3	0.41	0.45	3.45	LS 4 факторы қалыпты емес тарихи серпінге ие
3	LS, no ES, GDP	0.16	0.28	0.34	3.4	GDP<0 белгі
4	LS, no ES, no GDP	0.22	0.43	0.5	3.76	
5	LS, ES in RS, GDP	0.23	0.31	0.26	3.54	GDP<0, LS белгі мәнді емес
6	LS, ES in RS, no GDP	0.18	0.38	0.38	3.48	LS 4 факторы қалыпты емес тарихи серпінге ие
7	No LS, ES, GDP	0.27	0.35	0.41	3.43	GDP<0 белгі
8	No LS, ES, no GDP	0.27	0.37	0.41	3.5	ES мәнді емес
9	No LS, no ES, GDP	0.31	0.4	0.48	3.44	GDP<0 белгі
10	No LS, no ES, no GDP	0.31	0.41	0.48	3.48	
11	No LS, ES in RS, GDP	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	қолданылмайды
12	No LS, ES in RS, no GDP	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	қолданылмайды

¹³ LS еңбек нарығының және халықтың өмір сүру деңгейі факторын білдіреді, ES – сыртқы сектор, RS – нақты сектор, GDP – ДЖӨ, “no” шылауы – фактордың болмауы немесе ДЖӨ, “in” демеулік – ауыспалылардың тиісті топтарын нақты секторға қосу

13	LS in RS, ES, GDP	0.29	0.38	0.39	3.92	GDP<0 белгі
14	LS in RS, ES, no GDP	0.3	0.35	0.32	3.79	ES 15% деңгейінде ғана мәнді
15	LS in RS, no ES, GDP	0.3	0.61	0.51	3.83	GDP<0 белгі
16	LS in RS, no ES, no GDP	0.08	0.34	0.41	3.81	
17	LS in RS, ES in RS, GDP	0.17	0.36	0.4	3.67	теңдеу (6), GDP<0 белгі
18	LS in RS, ES in RS, no GDP	0.14	0.34	0.39	3.69	таңдалған теңдеу (8)

Дереккөзі: автордың есептері

6-кестеден көріп отырғанымызда, біз таңдаған теңдеу (8) немесе №18 ерекшелік басқа ерекшеліктердің көпшілігімен салыстырғанда экономикалық барабар және статистикалық мәні бар коэффициенттерге, сондай-ақ Қазақстанның экономикалық тарихымен келісілетін факторлық серпінге ие (1-сурет). Сонымен қатар, мұндай қасиеттерге №4 және №16 ерекшеліктер де ие, алайда олар Акаике ақпараттық өлшемшарты бойынша №18 ерекшеліктен кем түседі немесе болжамның әртүрлі горизонттарындағы дәлдікте одан айтарлықтай асып түспейді. Бұдан басқа, аталған ерекшеліктерде сыртқы сектордың айнымалылары жоқ, бұл жағдай Қазақстан экономикасының сыртқы күйзелістерге ұшырағыштығын ескер отырып оларды біршама төмендетеді, жоқ. Осылайша, бастапқыда біз таңдаған теңдеу (8) ұсынылған ерекшеліктер арасында ең оңтайлы болып табылады.

1. Алдағы зерттеулерге арналған қорытындылар мен ұсыныстар

Осы жұмыста Қазақстанда соңғы уақытта ІЖӨ-ні ағымдағы және қысқа мерзімді болжаудың танымал тәсілдерінің бірі ұсынылған, ол ахуал кеңістігіндегі серпінді факторлық модельді құрумен және Кальман сүзгісінің көмегімен факторларды бағалаумен сипатталады. Бұл әдіс ІЖӨ-ні болжау үшін макроэкономикалық айнымалылардың нақты және сыртқы, қаржылық, ақшалай, бағалық блоктары үшін деректердің ауқымды жиынтығын шоғырландыруға мүмкіндік береді, бұл ретте деректердің теңгерімсіздігі проблемасын шешеді.

Серпінді факторлық модель бойынша болжамдар «аңғал» модельдің болжамдарының дәлдігі бойынша асып түседі, бұл туралы Тейл коэффициентінің мәні бірліктен аз екенін көрсетеді. Сонымен қатар болжамның дәлдігі жалпы алғанда жаңа статистикалық ақпараттың келіп түсуіне қарай жақсарыды. Осыған байланысты серпінді факторлық модельді жаңа айлық

статистиканың шығуына қарай ағымдағы тоқсанның ІЖӨ өсу қарқынын ай сайын болжау үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талдау және болжау жүйесі шеңберінде қысқа мерзімді болжау үшін қосалқы модель ретінде пайдалануға болады.

Тікелей болжамдардан басқа, серпінді факторлық модель ретроспективада да, болжамдық кезеңде де ІЖӨ өсу қарқынының декомпозициясын жүргізуге мүмкіндік береді, бұл көрсеткіштің тарихи серпінінің мәнін ашады және болжамның түсінілуін жеңілдетеді.

